

"Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 64 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 15 ақпандағы № 23 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 17 ақпанда № 31914 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

"Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1135 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 821 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**";

1-тармақта:

8) тармақша алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты өсімдіктерді қорғау саласындағы тексеру парағы;"

мынадай мазмұндағы 11), 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"11) осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы;

13) осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өсімдіктерді

қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру парағы.";

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9 және 10-қосымшалар осы бірлескен бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бірлескен бұйрыққа 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес 11, 12 және 13-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.

_____ Т. Жаксылыков

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрінің м.а.
2023 жылғы 15 ақпандағы
№ 23 мен
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 15 ақпандағы
№ 64 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 15-05/1135 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы

Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өсімдіктерді қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, өсімдіктерді қорғау саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежесіне жатқызу және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген лицензиялар бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер (бұдан әрі – біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бақылау субъектілерін іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – қызметі өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар;

2) болмашы бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді қолдану, сақтау, өткізу және әкелу кезіндегі жұмыстардың құжаттамалық есепке алынуының (пестицидтерді есепке алудың тігілген және нөмірленген кіріс-шығыс кітабы, журналы) болмауы түрінде бұзу;

3) елеулі бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды пестицидтерді қолдану және сақтау, пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде персоналда жеке қорғаныс құралдарының және арнайы киімнің болмауы, пестицидтерді өткізу кезінде тиісті (агрономиялық) білімі бар білікті маманның болмауы, сондай-ақ қарастыру бойынша өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор бақылау субъектісіне

әкімшілік жауапкершілікке тартпай Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша нұсқама берілген шағымның болуы түріндегі бұзу;

4) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау, химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке алып келетін, саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, фитосанитариялық есептілікті өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамамен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау, саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық бақылау объектілерінде фитосанитариялық мониторингті және фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу, пестицидтерді зарарсыздандырудың жүргізілмеуі, пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындарының (көмінділердің) болмауы, пестицидтерді жеткізушілер (өндірушілер, импорттаушылар, сатушылар) әзірлеген және ұсынатын жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру әдістері мен технологияларының болмауы, қауіптілігі бірінші сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз болып қалған пестицидтерді саңылаусыздықты қамтамасыз етпейтін және қоршаған ортаның пестицидтермен ластану мүмкіндігін жоққа шығармайтын ыдыстарда сақтау, қауіптілігі екінші сыныпты пестицидтерді қажет болған кезде полимер материалдардан жасалған арнайы қалташалары жоқ көп қабатты ыдысқа (пестицидтің ерекшелігіне қарай) буып-түю, бүтіндігі бұзылған қаптамадағы пестицидтерді қайта буып-түю, тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын тиеуге, тасымалдауға және түсіруге арналған механикаландыру құралдарының болмауы, арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) салу бойынша шаралар қабылдамау, пестицидтерді өткізу, пестицидтерді аэрозолдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияның болмауы, Қазақстан Республикасында өткізілетін және Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізілген пестицидтерді мемлекеттік тіркеудің болмауы, бұрмаланған пестицидтерді әкелу, өткізу және сақтау фактілерінің болуы, пестицидтерді сақтау үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлікке меншік құқығы туралы куәліктің немесе өзге де заңды негіздердің болмауы, тіркеушінің (

өндірушінің) пестицидтерді қолдану бойынша ұсынымдарының болмауы, тіркеуші (өндіруші, жеткізуші, импорттаушы) беретін пестицидтің қауіпсіздік паспортының болмауы, пестицидтерді тұтынушыларға өндірушілердің ыдысында босатпау, өндірушінің ыдысында пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы мәліметтерді қоса отырып, пестицидтерді қауіпсіз пайдалану шаралары туралы тиісті ақпараттың болмауы, өткізілетін пестицид ыдыстарының бүтін еместігі, ыдыстың бүтіндігі бұзылған кезде пестицидтерді қайта буып-түю бойынша шаралар қабылдамау және оларды жеткізушілерге қайтару түріндегі бұзу.

3. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігін тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі

4. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттарын (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) және тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) айқындау арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

5. Ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтер қоршаған табиғи ортаға, адам өмірі мен денсаулығына және жануарларға қатер төндіретін әлеуетті қауіпті химиялық заттар болып табылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға сәйкес бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне ең көп зиян келтіру ықтималдығы, оның ықтимал кері салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып, қызметі пестицидтерді қолдануға, өткізуге, сақтауға және зарарсыздандыруға байланысты бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

6. Өсімдіктерді қорғау саласында ең көп әлеуетті қоғамдық тәуекелдерді ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылады:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген) бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынуды, сол сияқты уақтылы ұсынуды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді тіркеу (өндірістік және ұсақ мөлдекті) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері);

біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері).

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып, жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайданылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы, оның ішінде бақылау субъектісінің аумағында саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің анықталуы, Қазақстан Республикасы аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің тізіміне енгізілмеген пестицидтерді өткізу, әкелу, сақтау және қолдану фактілерінің болуы;

4) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

5) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар);

б) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

Біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайданылады:

1) бақылау субъектілеріне қатысты алдыңғы тексерулердің нәтижелері;

2) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны.

9. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мыналар пайдаланылады:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамада бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес

фитосанитариялық есептілікті ұсынуды, сол сияқты уақытылы ұсынуды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес пестицидтерді (аэрозольдік және фумигациялық тәсілдерді қоспағанда) авиациялық және жерүсті тәсілдерімен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес пестицидтерді сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес тыйым салынған және (немесе) жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес пестицидтерді, биоагенттерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 9-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 10-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар;

осы Өлшемшарттарға 11-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар.

10. Осы Өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі және елеусіз.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі):

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

3-параграф. Тәуекелдерді басқару

12. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 16 және 17-тармақтарымен айқындалатын кезеңге бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың өсімдіктерді қорғау саласында осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

14. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Жалпы көрсеткіштің алынған мәні кәсіпкерлік субъектісін осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес белгілі бір тәуекел дәрежесіне жатқызуға негіз болып табылады.

15. Субъективті критерийлерді талдау және бағалау бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты неғұрлым ықтимал тәуекелі бар бақылау субъектісінің (объектісінің) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне арналған графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

16. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің еселігі жылына бір реттен жиілетпей айқындалады.

17. Субъектіге (объектіге) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді талдау және бағалау нәтижелері бойынша бірақ жылына екі реттен жиілетпей айқындалады.

18. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Біліктілік талаптарға сәйкестікке тексеру Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін біліктілік талаптарға сәйкестігіне арналған тексерулер графигінің негізінде жүргізіледі.

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы объектілерде, сондай-ақ автомобиль, теміржол жолдарының бөлінетін жолақтары мен қорғау аймағында және зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын басқа да аумақтарда қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
2	Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің мекендеу орындары болып табылатын бақылау объектілерінде саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса	өрескел

	қауіпті зиянды организмдердің болуы	
3	Бақылау объектілерінде саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуын болдырмау мақсатында фитосанитариялық мониторинг жүргізу	өрескел
4	Бақылау объектілерінде фитосанитариялық іс-шараларды, атап айтқанда саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуына жол бермеу мақсатында химиялық өңдеуді жүргізу	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
5	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілмеген пестицидтерді қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
6	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел

7	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағында химиялық өңдеу жүргізу кезінде анықталған, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, бақылау субъектісінің Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
8	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарында саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің анықталуы мен таралуының расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
9	Саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол берген, фитосанитариялық мониторингтің және (немесе) фитосанитариялық іс-шаралардың жүргізілмеуі туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) өтініштің болуы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
10	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттардың ұсынылмауы	өрескел
11	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілмеген пестицидтерді	өрескел

	қолдануы расталған фактілердің болуы	
12	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен технологиясын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
13	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарында саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің анықталуы мен таралуының расталған фактілерінің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарының талдауы		
14	Бақылау субъектісінің (объектісінің) саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін, фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
15	Бақылау субъектісінің (объектісінің) саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеу фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған расталған мәліметтердің болуы	өрескел
Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
	Бақылау субъектісінің (объектісінің) саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары	

16	зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына әкелетін фитосанитариялық іс-шараларды жүргізбеуінің анықталған фактілері туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
17	Бақылау субъектісінің (объектісінің) тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтерді қолдануы анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Өсімдіктерді қорғау саласындағы заңнамада бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес фитосанитариялық есептілікті ұсынуды, сол сияқты уақтылы ұсынуды жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
2	Пестицидтерді өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, биоагенттерді өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-1), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін бір рет ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
3	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-2), атап айтқанда пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, нақты	өрескел

	қозғалыс орны бойынша 10 шілдеге дейін бір рет және 10 қаңтарға дейін бір рет ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	
4	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-3), атап айтқанда пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
5	Қолында бүріккіш және дәрілегіш техника мен жабдық (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольдік генераторлар, атомайзерлік, штангалық, вентиляторлық бүріккіштер, бүріккіш және дәрілегіш техниканың өзге де түрлері) бар бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-4), атап айтқанда, бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 10 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
6	Меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-5), атап айтқанда, химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 10-ына дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
7	Химиялық өңдеулер жөніндегі қызметті көрсететін бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-6), атап айтқанда, химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-іне дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел

8	Тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-7), атап айтқанда, тыйым салынған, жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті жыл сайын, 10 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
9	Пестицидтерді, биоагенттерді сақтауды жүзеге асыратын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) фитосанитариялық есепке алу нысанын (ФЕ-8), атап айтқанда, қоймалық үй-жайлардың болуы туралы есепті жыл сайын, 10 қаңтарға дейін ұсынуы, сол сияқты уақтылы ұсынуы	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсінен туындаған қолайсыз оқиғалардың болуы		
10	Бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуге және қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілмеген пестицидтерді қолдануы расталған фактілердің болуы	өрескел
11	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде адамдар мен жануарлардың жаппай улануына, ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына, топырақтың, судың және өсімдік жабынының ластануына әкелетін, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен	өрескел

	технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	
12	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағында химиялық өңдеу жүргізу кезінде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай таралуына әкелетін, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен технологияларын бұзудың расталған фактілерінің болуы	өрескел
13	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарында ауыл шаруашылығы егістіктерінің жойылуына әкелетін, саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуының расталған фактілерінің болуы	өрескел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны		
14	Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау туралы бір және одан да көп расталған шағымның және (немесе) өтініштің болуы	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
15	Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау шеңберінде берілген ұсынымдарды орындау жөнінде ақпараттардың ұсынылмауы	өрескел
Мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарының талдауы		
16	Фитосанитариялық есепке алу нысандарына сәйкес ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау бойынша бақылау субъектісі (объектісі) жіберген бұзушылықтар туралы мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған, расталған мәліметтердің болуы	өрескел
17	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынбау, сол сияқты уақтылы ұсынбау	өрескел

	фактілері туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған, расталған мәліметтердің болуы	
Мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		
18	Бақылау субъектісінің аумақтарында саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралуына әкелетін, фитосанитариялық мониторингті және (немесе) фитосанитариялық іс-шараларды бақылау субъектісінің (объектісінің) жүргізбеуі анықталған фактілер туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел
19	Бақылау субъектісінің (объектісінің) тіркелмеген немесе контрафактілі пестицидтерді бақылау субъектісінің аумақтарында қолданудың анықталған фактілері туралы ресми ақпараттың болуы	өрескел

Өсімдіктерді қорғау
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектілері (объектілері) үшін өсімдіктерді қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар

Р/с №	Бұзу өлшемшарттары	Бұзу дәрежесі
1	2	3
Бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері		
1	Бақылау субъектісінің (объектісінің) фитосанитариялық есептілікті ұсынбауы, сол сияқты уақтылы ұсынбауы	өрескел
2	Бақылау субъектісінің (объектісінің) аумақтарын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне енгізілмеген	өрескел

	пестицидтерді қолдануы жөнінде ұсынылған фитосанитариялық есептерде мәліметтердің болуы	
3	Ұсынылған фитосанитариялық есептерде бақылау субъектісінің аумақтарын химиялық өңдеу бойынша фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу кезінде анықталған, бақылау субъектісінің (объектісінің) Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген пестицидтерді қолдану регламенттері мен технологиясын бұзуы бойынша мәліметтердің болуы	өрескел
Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері		
4	Пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түріне лицензияның болуы	өрескел
